

**«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY»**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ**

**ФИЛОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ:**

**6B02313 – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ**  
**(күндізгі)**

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

Түскен жылы - 2023

Семей, 2023

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қайта қаралып, қайта бекітілді  
(Хаттама №\_1\_\_, \_\_22\_\_\_.09\_\_\_\_.23 ж.)

Берілетін дәреже:  
6B02313 «Қазақ филологиясы»  
ББ бойынша гуманитарлық білім бакалавры

№	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәннің қысқаша мазмұнамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары, күзiреттiлiгi)
<b>Базалық пәндер</b>					
<b>Таңдаулы пәндер</b>					
1	Хандық дәуір әдебиеті	6	Қазақ халық ауыз әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Хандық дәуір әдебиеті кезеңіндегі тарихи-әдеби жағдай. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шалкиіз, Мұрат ақын, т.б. жыраулар шығармашылығына тоқталу.</p> <p><b>Білу:</b> Қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы қоғамдық және қоғамдық-саяси жағдай. Жаңа қоғамдық-саяси жағдайда көне түркі поэзиясының дәстүрлі жалғасы болып табылатын қазақ жырауларының тарихи сахнада пайда болуы туралы деректерді анықтау.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Жырау және жыршы. Қазақ әдебиеті тарихында жыраулар поэзиясының алатын орны. Жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы.</p> <p><b>Дағды:</b> Хандық дәуір әдебиетінің көркемдік-идеялық ерекшеліктері. Толғау жанрының табиғаты, ерекшеліктерін қарастыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiгi:</b> Әдеби-пәндік күзiреттiлiк</p>
1	Шешендік өнер негіздері	6	Қазақ халық ауыз әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Қазақтың би-шешендерінің өмірі мен шығармашылығымен танысу.</p> <p><b>Білу:</b> «Шешендік өнер негіздері» – ғылыми-теориялық білім беруді мақсат етіп, зерттелуге тиіс проблемаларына байланысты студенттерді ғылыми ізденіске баулиды.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Қазақ шешендік өнерінің тарихы ерте замандардан бастау алатыны сөзсіз. Ежелгі, көне дәуірлердегі түркі шешендігі қазақ шешендік өнерінің негізі, би-шешендер мен ақын-жыраулар шешендігінің қайнар бұлағы. Шешендік өнердің тарихы, оқыту әдістемесіндегі зерттеулердің нәтижесін меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Күзiреттiлiгi:</b> Әдеби-пәндік күзiреттiлiк</p>

2	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	6	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Көркем мәтіндерді лингвистикалық талдау жолдарын үйретіп, көркем шығармамен жұмыс жасауға қалыптастырады.</p> <p><b>Білу:</b> Көркем мәтінді лингвистикалық талдау-лингвистикалық пәндердің барлық циклін аяқтайтын курс. Ол студенттерге бұрын алған білімдерін жүйелеуге және олардың мектепте көркем шығармалармен жұмыс істеу қажеттілігін түсінуге көмектеседі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Курс көркем шығарма тілінің артықшылықтары мен кемшіліктерін өз бетінше бағалай алатын, болашақ оқушыларды тәрбиелеуге қабілетті көркем талғамы бар сауатты сөз тіркестерін меңгеруге ықпал етеді.</p> <p><b>Дағды:</b> Көркем мәтінді қабылдау мақсатында сөз мазмұнын білдірудің жалпы заңдарымен танысу дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік</p>
2	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	6	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқу барысында түркі тілдерінің морфологиялық құрылысын салыстырмалы талдау.</p> <p><b>Білу:</b> Көркем мәтінді лингвистикалық талдау-лингвистикалық пәндердің барлық циклін аяқтайтын курс. Ол студенттерге бұрын алған білімдерін жүйелеуге және олардың мектепте көркем шығармалармен жұмыс істеу қажеттілігін түсінуге көмектеседі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Курс көркем шығарма тілінің артықшылықтары мен кемшіліктерін өз бетінше бағалай алатын, болашақ оқушыларды тәрбиелеуге қабілетті көркем талғамы бар сауатты сөз тіркестерін меңгеруге ықпал етеді.</p> <p><b>Дағды:</b> Көркем мәтінді қабылдау мақсатында сөз мазмұнын білдірудің жалпы заңдарымен танысу дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Құзіреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік</p>

3	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	5	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы-қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне қатысты грамматикалық мағына, оның түрлері, грамматикалық форма және грамматикалық категориялар.</p> <p><b>Білу:</b> Курсты оқыту барсында грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық құрылым, негізгі грамматикалық ұғымдар туралы ғылыми теориялық білімді жүйелі жүргізудің бағыт-бағдарын білу керек.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формаларының жасалуы жолдарын меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қосымша, көмекші сөз, сөздердің орын тәртібі, қосарлану, интонация, олардың құрастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы теориялық білімді меңгеру дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
3	Сөз құрамының теориясы	5	Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	<p><b>Қысқаша сипаттама</b> Пәнді оқу барысында тілдің жүйе ретінде маңызды жақтары, негізгі мәліметтер жиынтығын беру және оларды лингвистикалық пәндерді оқу үшін қажетті ұғымдар мен терминдермен қаруландыру; - логикалық ойлау мен лингвистикалық интуицияны дамытуға үлес қосу; лингвистикалық талдаудың негізгі дағдыларын дамыту, тіл білімінің негізгі мәселелерін, сипаты, тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің құрылымы мен құрылымы, шығу тегі мен</p>

				<p>жұмыс істеуі, тілдердің классификациясы менгеру); тілдік жүйенің негізгі үлгілері, табиғи тілдің шығу тегі туралы гипотеза; Тілдің ішкі құрылымы (жүйелік және құрылымдық ұйым, бірліктердің табиғаты мен функциялары); лингвистикалық ғылымның негізгі сұрақтары, жекеденгейлер мен тіл бірліктерін менгеру тақырыптары қарастырылады.</p> <p><b>Білу:</b> Пәннің мазмұнында студенттер жүйенің тілі ретінде маңызды аспектілер туралы негізгі мәліметтер жинағын оқып, қамтамасыз ете білу керек.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Лингвистикалық пәндерді оқып үйренуге қажетті ұғымдар мен терминдерді меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Әлемдік өркениеттің адам, қоғам, тарихы мен мәдениетіндегі қарым-қатынастарында табиғи тілдің пайда болуы, дамуы және жұмыс істеуі туралы жалпы заңдарын көрсету; диалектикалық дүниетанымның қалыптасуына ықпал ету; бастапқы лингвистикалық талдау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
4	XIX ғасыр әдебиеті	3	Хандық дәуір әдебиеті	<p><b>XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті</b></p> <p><b>Қысқаша сипаттама:</b> XIX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады.</p> <p><b>Білу:</b> XIX ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың ақындар поэзиясына негіз болып, шығармашылықтарында айқын көрініс табуы туралы білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> XIX ғасырдың II жартысынан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастауы, зерттелуі қарастырылады. Негізгі өкілдері Дулат, Махамбеттен бастап, ағартушы-демократтар Шоқан, Ыбырай, Абай және XIX ғасырдың аяғындағы әнші, сал-серілер шығармаларын меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> курс барысында әдеби ағымдар мен бағыттар, дәстүр мен жаңашылдық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Әдеби-пәндік күзiреттiлiк</p>

4	Отарлау дәуіріндегі әдебиет	3	Хандық дәуір әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> XIX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет.</p> <p><b>Білу:</b> Отарлық дәуіріндегі әдебиеттің мәні мен мазмұны, қазақ әдебиетіндегі орны, отарлық дәуіріндегі әдебиет пен ояну дәуіріндегі әдебиет тарихының өзара сабақтастығы, аталмыш дәуірдегі әдеби бағыттар мен ағымдар, жанрлары мен түрлерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> отарлау дәуіріндегі әдебиеттің көркемдік дамуы мен поэтикалық өрнектері, әдебиет өкілдерінің өмірі мен әдеби мұрасы, ұлт азаттығын бейнелейтін шығармалардың сыр-сипаты, болмыс бітімі, эстетикалық, көркемдік өлшемдерінің зерттелуін меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ әдебиетінің кезеңдерін, көрнекті ақын-жазушылар шығармаларын, көркем шығармалардың эстетикалық, тәрбиелік мәнін көрсету, қазақ зиялыларының ел мүддесін қорғаудағы іс-қимылдарын бағалауға дағдыланады.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
5	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	5	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі курсы студенттің «Қазіргі қазақ тілі» пәнінің соңғы бөлімі болып табылады.</p> <p><b>Білу:</b> Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі курсы студенттің «Қазіргі қазақ тілі» пәнінің соңғы бөлімі болып табылатындығы туралы мәліметтерді білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Аталған факторлар тілдік жүйенің басқа деңгейлері мен аспектілері туралы ақпаратты синтездейтін пән ретінде қазақ тіл білімі курсының синтаксистік компонентінің мақсаты мен міндеттерін меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисінің қазіргі жағдайын тәжірибеде қолдана отырып, заманауи әдістемелер саласында кәсіби дағдыларды дамыту.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік</p>

5	Қазақ тілінің сөйлем жүйесі және синтаксистік қатынас	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді меңгеру барысында студенттерге қазақ әдеби тілінің қазіргі синтаксистік жүйесі туралы ғылыми білім беру, олардың нормаларын терең меңгеруге көмектесу, болашақ мамандарды лингвистикалық мәселелер бойынша кәсіби және көпшілікке тарату жұмыстарын жүргізу үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдыны меңгерту, жетік біліммен қаруландыру, студенттерді ғылыми зерттеу әдістемесімен таныстыру және болашақта қазақ тілі және оны оқыту саласында өзіндік ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге дайындау.</p> <p><b>Білу:</b> Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі курсы студенттің «Қазіргі қазақ тілі» пәнінің соңғы бөлімі болып табылатындығы туралы мәліметтерді білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Аталған факторлар тілдік жүйенің басқа деңгейлері мен аспектілері туралы ақпаратты синтездейтін пән ретінде қазақ тіл білімі курсының синтаксистік компонентінің мақсаты мен міндеттерін меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисінің қазіргі жағдайын тәжірибеде қолдана отырып, заманауи әдістемелер саласында кәсіби дағдыларды дамыту.</p> <p><b>Күзіндеттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзіндеттілік</p>
6	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	5	XIX ғасыр әдебиеті	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> XX ғасырбасындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. "XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті" пәнін оқыту барысында студенттерге сол кездегі тұтас әдеби процесс, оның түрлі ағымдар мен</p>



					<p>бағыттар, сол мәселелер жайында әр кездек қалыптасқан түрлі дұрыс-бұрыс түсініктер мен пайымдаулар төңірегінде талдаулар ұсынылады, сондай-ақ, XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербеген, осынау күрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың көрнекті-көрнекті шығармалары, жалпы әдеби мұралары жөнінде кең көлемді мағлұматтар берілді.</p> <p><b>Білу:</b> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің кеңес дәуіріне дейінгі кезеңі, шығармашылық ғұмырбаяндары, әдеби мұралары, ұлт азатшыл бағыттағы көрнекті қайраткерлер туралы білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> XX ғасырдағы әдебиеттің көркемдік сипаты мен XX ғасырдағы әдебиеттердің үлгілеріне салыстырмалы талдау жасауды меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ әдебиеті өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра, дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашуға дағдыландыру.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Әдеби-пәндік күзиреттілік</p>
6	Постмодернизм әдебиеті	5	XIX ғасыр әдебиеті	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет.</p> <p><b>Білу:</b> Қазақ әдебиетінің үдерісін осы тұстағы саяси-әлеуметтік ахуалмен біртұтастықта қарастырады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> әдеби шығармалардың көркемдік-идеялық табиғаты, жанрлық түрлену ерекшеліктері, ұлттық әдебиеттің идеялық-көркемдік бағыттары, ақындық мектептер мен ағымдар, әдебиет өкілдерінің: Т.Әбдік, Д.Амантай, Д.Рамазан, Б.Қарағызұлы, т.б. шығармаларының ерекшеліктері мен жаңашылдық сипаты, постмодернистік әдебиеттің мазмұны, ұлттық поэзияның өлең өрнегі мен отаншылдық рухы қарастырылады.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ әдебиетінің кезеңдерін, көрнекті ақын-жазушылар шығармаларын, көркем шығармалардың эстетикалық, тәрбиелік мәнін көрсету, қазақ зиялыларының ел мүддесін қорғаудағы іс-қимылдарын бағалауға дағдыланады.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Әдеби-пәндік күзиреттілік</p>

7	Көне түркі тілі	4	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Түркологияның негізгі мәселелері және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру.</p> <p><b>Білу:</b> Түркологияның негізгі мәселелері және оның қазіргі міндеттерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Көне түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудегі түркологияның алатын орнын меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Студенттер бойына қазақ тілінің тарихы, оның тайпалық тілдерден халық тілі, одан ұлт тілі болып қалыптасуы – туыс түркі тілдерінің тарихымен тікелей байланыстылығы жайлы сенімді дағды қалыптастыру.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзиреттілік</p>
7	Түркі тілінің грамматикасы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқу барысында түркі тілдерінің морфологиялық құрылысын салыстырмалы талдау.</p> <p><b>Білу:</b> Пәнді оқу барысында студенттер түркі тілдерінің морфологиялық құрылысына салыстырмалы талдау жасай біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері мен оның қазіргі және ежелгі тілдердегі даму эволюциясын, түркі тілдерінің негізгі грамматикалық категорияларымен олардың жалпы және тарихи даму ерекшеліктерін, қазіргі түркі тілдері мен диалектілердің тілдік жүйелерін, сондай-ақ жазба ескерткіштерінің тақырыптарын, түркі тілдерінің грамматикасын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> түркі тілдерінің морфологиялық құрылысын салыстырмалы талдау, түркі тілдерінің грамматикалық ерекшеліктері, қазіргі және ежелгі тілдердегі даму ерекшеліктерін талдауға дағдыландыру.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзиреттілік</p>
8	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	5	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пән құрмалас сөйлем синтаксисін, оның түрлерін: салалас және сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисін, салалас және сабақтас құрмалас сөйлес сөйлемдерінде қолданылатын жалғау түрлері, құрмалас</p>

					<p>сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қолданылуын оқытады.</p> <p><b>Білу:</b> Бұл пәнді оқу барысында құрмалас сөйлем синтаксисін, оның түрлері туралы біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Оқыту барысында келесідей мәселелерді меңгереді: салалас және сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисі, салалас және сабақтас құрмалас сөйлес сөйлемдерінде қолданылатын жалғау түрлері, құрмалас сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қолданылуы, күрделі синтаксистік тұтастық құрылымдық ерекшеліктер, қазіргі қазақ тілінің синтаксисі курсының нормасының ғылыми принциптері.</p> <p><b>Дағды:</b> құрмалас сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қолданылуы, күрделі синтаксистік тұтастық құрылымдық ерекшеліктері, қазіргі қазақ тілінің синтаксисі курсының нормасының ғылыми дағды қалыптастыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
8	Әлеуметтік тіл таным	5	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл пәнді оқу студенттерге қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік жүйесі туралы түсінік береді.</p> <p><b>Білу:</b> Пәнді оқытуда келесі міндеттерді шешуді қарастырады: студенттерге қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік жүйесін, осы жүйені тіл құрылымымен өзара байланыста меңгеруіне қол жеткізу, студенттерді мәтіннің пішінін, мазмұны, құрылымы, әлеуметтік-лингвистикалық қарым-қатынас процесіндегі функцияларын бөліп көрсетеді, социоллингвистика бойынша әдебиетті өңдеуге үйрету, қазіргі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік жобалар мен видео жобалардың қызметін білу керек.</p> <p><b>Меңгеру:</b> әлеуметтік лингвистиканың негізінде зерттеу әдістерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> студенттерді әртүрлі тілдік жүйелерді салыстыру, билингвалды және полилингвалды тілдік жағдайларды талдауға дағдыландыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
9	Стилистика және сөйлеу мәдениеті	5	Орфография және пунктуация	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Тілдің бар бояу нақышымен қолдана білу. Стильдік даралықтың танылуы.</p> <p><b>Білу:</b> Пән стилистика және сөйлеу мәдениеті, сөйлеу нормаларын оқытуға бағытталған. Оқу барысында төмендегі мәселелер қарастырылған: тіл мәдениетінің формалары, тіл мәдениетінің формасы туралы ғылыми көзқарас, сөйлеу мәдениетінің негізгі</p>

					<p>салалары, тіл мәдениеті, функционалды стилистика, лингвистикалық стилистика және негізгі ұғымдар, функционалды стильдер мен тілдік белгілердің стилистикалық ерекшеліктерді біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> функционалды стильдер мен тілдік белгілердің стилистикалық ерекшеліктері меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> дұрыс сөйлеу білу мәдениеті туралы дағды қалыптастыру.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы қүзіреттілік</p>
9	Мәнерлеп оқу	5	Әдебиеттануға кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқу барысында ауызша сөйлеуді меңгеру, ауызекі сөйлеуде ойды шебер құру және көпшілік алдында сөйлей білу өнерінің көптеген әдістерін меңгереді.</p> <p><b>Білу:</b> Пән төмендегі мәселелерді оқытады: көркем шығарманы мәнерлеп оқу, көркем мәтіннің болмысына терең бойлай біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> мәнерлеп оқу – сөйлеу техникасын, дауыс сапасының даму жолдары, эстетикалық талғамға үйренеді, мәнерлеп оқу арқылы көпшілік алдына еркін сөйлеу, мәтіндегі астарлы ойларды, әрбір бөлшегін, керек болса әр сөз тіркесі мен сөзіне дейін іштей оқуды меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> ауызша сөйлеуді , ауызекі сөйлеуде ойды шебер құру және көпшілік алдында сөйлеуді білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы қүзіреттілік</p>

10	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі әдебиеті пәнінің мақсаты – студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық – саяси, әлеуметтік көзқарасын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсерін пайымдау.</p> <p><b>Білу:</b> Пәнді оқу барысында студенттер М. Мақатаев, Ф. Оңғарсынова, Ж. Молдағалиев, Т. Молдағалиев және т. б. шығармашылығымен, әдеби мұраларымен танысады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> XX ғасырдың 60-жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі әдебиеттің көркемдік даму кезеңдерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Студенттерге ұлттық сөз өнеріне енген көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық негіздеу ұсынылады, әдебиеттің қоғамдық оймен байланысы зерттеледі.</p> <p><b>Күзіндеттілік:</b> Әдеби-пәндік күзіндеттілік</p>
----	-------------------------------------	---	-----------------------------------	------------------------	--

10	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті өкілдеріне тоқталу. Шығармаларына ғылыми, әдеби талдау жасау. Әдебиет тарихындағы орынын айқындалады.</p> <p><b>Білу:</b> Тәуелсіздік жылдары жазылып жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің шығармашылық ізденістерін, проза жанрының тақырыптық тенденциялары, драматургияның поэзияның дамуына қатысты ілгері зерттеулер мен еңбектер оқытылады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Студенттер М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Д.Исабеков, Қ.Жұмәділов, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова, Қ.Жұмәділов А.Алтай, Р.Мұқанова ақын-жазушылар, драматургтардың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеп меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> қазақ және әлем әдебиетінің даму үлгісін, отандық әдебиеттің жаңа бағыттарын салыстыра талдауға дағдыланады.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Әдеби-пәндік күзиреттілік</p>
11	Орфография және пунктуация	5	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексографиясы	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Қазақ тілінің емле ережесінің қалыптасуы.</p> <p><b>Білу:</b> Осы пәнді оқу барысында студенттер келесі бөлімдерді меңгереді: тілдің қалыптасуы және емле ережелері, орфоэпиялық, орфографиялық ережелер, сөздер және олардың айтылуы мен жазылуы, тыныс белгілер мен интонация, емле мен тыныс белгілерінің тарихын зерттейді, сонымен қатар ғалымдардың лингвистика мәселелері туралы көзқарастарын талдайды, жаңа инновациялық технологиялар көмегімен оқыту әдісін қолданады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> тілдің қалыптасуы және емле ережелерін, орфоэпиялық, орфографиялық ережелер, сөздер және олардың айтылуы және жазылуын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Студенттер осы пәнді жаңа инновациялық технологиялар арқылы оқыту әдісін қолдана отырып, оқып үйренуге дағдыланады.</p> <p><b>Күзиреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзиреттілік</p>

11	Емле ережесі	5	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексографиясы	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Мәтінді лингвистикалық талдау жолдары мен әдіс-тәсілдерін үйреніп, грамматикалық тұлғалардың стилистикалық-синтаксистік қызметін игеру керек.</p> <p><b>Білу:</b> Бұл пән қазақ тілінің емле заңдылықтары жайлы жан-жақты лингвистикалық түсінік қалыптастырып, білім беру мәселелерінен мағлұмат береді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Орфография мен орфоэпия мәселелерін ажыратып, қазақ тілі емле ережесінің зерттеу нысаны мен оның салаларына тоқталады. Дауысты және дауыссыз дыбыстар мен кейбір сөздердің жазылуы және сөздердің жазылуындағы сапалық өзгерістер, олардың айырмасы мен ұқсас жақтарын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, фонетикалық заңдылықтарын, қазіргі қазақ тілі грамматикасы, лексикология және сөзжасам салалары бойынша ғылыми теориялық мәселелерді қарастырады.</p> <p><b>Күзіндеттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзіндеттілік</p>
12	Алаштану	5	Мектепте оқытылған қазақ әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Алаш арыстарының өмірі мен шығармашылығын қарастырады.</p> <p><b>Білу:</b> Алаштану пәнін оқу барысында білім алушылар Алаш тарихына арналған ғылыми еңбектерді оқып үйренеді, тарихи талдау жасап, ғылыми монографиялар мен құжаттық материалдармен танысып, осы негізде Алаш тарихын жете меңгереді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Отан тарихын мен туған өлке тарихын Алаш тұлғаларының саяси-қоғамдық қызметтері арқылы зерделеп, Алаш партиясының құрылуы және Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатымен танысады.</p> <p><b>Дағды:</b> туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Күзіндеттілік:</b> Әдеби-пәндік күзіндеттілік</p>

13	Қазіргі қазақ әдебиеті	5	Мектепте оқытылған қазақ әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b></p> <p><b>Білу:</b> Курс барысында қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері, қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс болады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму үдерісіне, басым бағыттарына тән тенденцияларды қарастыру. Әлемдік көркемдік даму үдерісіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің өзіндік тұғырын бажайлау. Сөз өнерінің типологиялық өрісін қазақ әдебиетінің қазіргі поэтикалық жүйесі бойынша талдау. Қазіргі әдеби дамуды талдаудағы соны теориялық еңбектерді игеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазіргі қазақ әдебиетінің өкілдерінің шығармашылық жолын, өзіндік қолтаңбасын танытатын елеулі туындыларына шолу жасауға дағдыланады.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби –пәндік құзыреттілік</p>
13	Қазіргі әдеби үрдіс	5	1960-1990 ж қазақ әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Білу:</b> Заманауи әдеби үдерістің жаңашыл тенденцияларын қарастыру.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Қазіргі модернистік және постмодернистік әдебиетке тән поэтикалық жүйе, эстетикалық қағидаттарын меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Заманауи әдеби үдеріс бағытын айқындап отырған ақын-жазушылар туындылары, шығармашылық тұлғаларына тән сипаттарын талдауға дағдылану.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби –пәндік құзыреттілік</p>
12	Ағартушылық бағыттағы әдебиет	5	1960-1990 ж қазақ әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Ұлт әдебиетінің дамуына үлес қосқан әдебиет арыстарының өмірі мен шығармашылығын қарастырады.</p> <p><b>Білу:</b> Қазақ әдебиетінің сан ғасырлар бойындағы дамуына үлес қосқан, ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың көрнекті шығармаларын, әдеби мұраларын білу. Қазақ ағартушыларының өмірін, шығармашылығын, өскен ортасы, ағарту саласына қосқан үлестері, шығармашылығының зерттелуі. Қазақ кітаптары, олардың авторлары, шығарушылары туралы мәлімет алады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Қазақ әдебиеті дамуына үлес қосқан ағартушылар шығармаларын оқиды.</p> <p><b>Дағды:</b> туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді</p>



					түсінеді. <b>Қүзіреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік
14	Әдебиет теориясы	5	Әдебиета нуға кіріспе	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Әдебиет теориясының ғылым ретінде зерттейтін мәселелері.</p> <p><b>Білу:</b> Курс барысында студенттер эстетикалық ойдың даму кезеңдері, әдебиет теориясының методологиясы, көркем әдебиеттің табиғаты, ерекшелігі, әлеуметтік сипаты туралы қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс болады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Әдеби тұлға, орта және автор, шығарманы пайымдау, әдеби туынды, әлем және шығарма, көркем сөз бен мәтін, шығармашылық әлем және әдеби болмыс жайында толық ғылыми ақпаратты меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> көркем шығарманың теориялық, көркемдік элементтерді айқындап, эстетикалық талғам тұрғысынан терең талдауға дағдыландыру.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
14	Өлең теориясы	5	Әдебиета нуға кіріспе	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Поэзиялық шығармалардың мазмұндық ерекшеліктері, өлеңнің теориялық аспектілері.</p> <p><b>Білу:</b> "Бұл пән қазақ тілінің емле заңдылықтары жайлы жан-жақты лингвистикалық түсінік қалыптастырып, білім беру мәселелерінен мағлұмат береді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Орфография мен орфоэпия мәселелерін ажыратып, қазақ тілі емле ережесінің зерттеу нысаны мен оның салаларына тоқталады. Дауысты және дауыссыз дыбыстар мен кейбір сөздердің жазылуы және сөздердің жазылуындағы сапалық өзгерістер, олардың айырмасы мен ұқсас жақтарын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, фонетикалық заңдылықтарын, қазіргі қазақ тілі грамматикасы, лексикология және сөзжасам салалары бойынша ғылыми теориялық мәселелерді қарастырады.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>

15	Жалпы тіл білімі	4	Тіл біліміне кіріспе	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Жалпы тіл білімінің салалары мен зерттелуін қарастырады.</p> <p><b>Білу:</b> Жалпы тіл білімінің нысаны мен негізгі проблемалары, салалары, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы, тілдің өзіндік сипаттары, тіл білімінің тарихы, даму үрдістері мен даму кезеңдері, тіл білімінің қазіргі заманғы бағыттары, тілдік зерттеу әдістері, тілдің басқа әлеуметтік, жаратылыстану және техникалық ғылымдармен байланысы, сияқты тақырыптармен танысады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Тіл біліміндегі негізгі теориялар, тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйі, міндеттерін меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Жалпы тіл білімінің даму тарихында қолданылып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелерді қолдану дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
15	Ономастика мәселелері (Шығыс Қазақстан облысы материалдары негізінде)	4	Тіл біліміне кіріспе	Қорытынды аттестация	<p><b>Білу:</b> Курсты оқу барысында студент Шығыс Қазақстан топокеңістігінің даму тарихымен танысып, ономастикалық кеңістігі мен даму ерекшеліктерін зерттейді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Шығыс Қазақстан облысы топонимдерінің (Тарбағатай, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде), (Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары материалдары негізінде) лексика-семантикалық ерекшеліктерін меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ және көне түркі топонимдік жүйесінің этникалық бірегейлігіне тоқталады.</p> <p><b>Күзiреттiлiк:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзiреттiлiк</p>
<b>КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ</b>					
<b>Таңдаулы пәндер</b>					

1	Көне түркі қазақ мифтері мен аңыздары	3	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазақ жазуының тарихы	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пән ежелгі түрік және қазақ аңыздары мен хияяларының пайда болу тарихын зерттейді. Ежелгі түркі ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби мұрасы, Ислам дәуіріндегі әдебиет, Алтын Орда дәуірінде жазылған әдеби, тарихи шығармалар қарастырылады.</p> <p>мазмұны.</p> <p><b>Білу:</b> қазақ аңыздары мен хияяларының пайда болу тарихын зерттейді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Ежелгі түркі ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби мұрасын қарастырады</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ әдебиетінің кезеңдерін, көрнекті ақын-жазушылар шығармаларын, көркем шығармалардың эстетикалық, тәрбиелік мәнін көрсету, қазақ зиялыларының ел мүддесін қорғаудағы іс-қимылдарын бағалай алады.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік күзіреттілік</p>
1	Түркі әдебиетінің бастаулары	3	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазақ жазуының тарихы	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқыту барысында қазақ әдебиетінің қалыптаса бастаған кезеңінен бастап, оның түп төркіні, арғы - бергі тарихы, жазба әдебиеті, көркем сөз өнерінің өсу жолы, бағыты, өзіндік түр, әдіс, дәстүрлері жайында мағлұматтар алады.</p> <p><b>Білу:</b> қазақ әдебиетінің тарихы, жазба әдебиеті, көркем сөз өнерінің өсу жолы, бағыты, өзіндік түр, әдіс, дәстүрлерін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Ежелгі түркі ескерткіштерін қарастырады.</p> <p><b>Дағды:</b> Әлем халықтары әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби бағыттарын, тарихи ескерткіштерін, жанрлық ерекшеліктері мен жекелеген авторлар шығармаларын дүниежүзілік әдеби-мәдени даму аясында зерделейді және бағалайды.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік күзіреттілік</p>

2	Шетел әдебиетінің тарихы	5	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқыту барысында қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы жеке халықтардың әдебиеттері дүниежүзілік әдеби-мәдени даму аясында қарастырылады. Пән ежелгі дәуір әдебиетінің, орта ғасырдағы әдебиеттердің жанрлық ерекшеліктерін, Қайта Өрлеу дәуіріндегі әдебиеттің даму бағыттарын, ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ., ХІХ-ХХ ғғ. әлем әдебиетінің дамуы, шет елдер әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби бағыттарын, жекелеген авторлар шығармаларын көркемдік-идеялық тұрғыдан талдайды.</p> <p><b>Білу:</b> қазіргі заманғы әдебиеттану ғылымындағы әдеби-мәдени даму аясында қарастырылады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Әдеби шығармалардың шығу тарихына талдау жасайды.</p> <p><b>Дағды:</b> Әлем халықтары әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби бағыттарын, тарихи ескерткіштерін, жанрлық ерекшеліктері мен жекелеген авторлар шығармаларын дүниежүзілік әдеби-мәдени даму аясында зерделейді және бағалайды.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
2	Шығыс және түркі халықтарының әдебиеті	5	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Шығыс және түркі халқы ақын-жазушылар шығармашылығын идеялық-көркемдік тұрғыда талдау. Шығыс және түркі ақын-жазушылары жөнінде түсініктері болуы. Әдебиет пен эстетика тұрғысынан көркем шығармаларға, әрі әдеби үрдістің құбылыстарына сыни баға беру.</p> <p><b>Білу:</b> Шығыс және түркі халқы ақын-жазушылар шығармашылығын идеялық-көркемдік тұрғыда талдай білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Шығыс және түркі ақын-жазушылары жөнінде түсініктері болуы. Әдебиет пен эстетика тұрғысынан көркем шығармаларға, әрі әдеби үрдістің құбылыстарына сыни баға беруді меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Әлем халықтары әдебиетінің даму кезеңдерін, әдеби бағыттарын, тарихи ескерткіштерін, жанрлық ерекшеліктері мен жекелеген авторлар шығармаларын дүниежүзілік әдеби-мәдени даму аясында зерделейді және бағалайды.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>

3	Абайтану	3	XIX ғасыр әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> «Абайтану» курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары тереңдете түсуге, Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларының ішкі табиғатын тану арқылы оларға ақын шығармашылығының көркемдік-эстетикалық мәнін кең ауқымда игертуді мақсат етеді. Сонымен қатар Абай шығармашылығының зерттелуі, ақын мұрасының игерілуі, жариялану тарихы меңгертіледі.</p> <p><b>Білу:</b> Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларын білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Абай шығармашылығының зерттелуі, ақын мұрасының игерілуі, жариялану тарихын меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
3	Абайдың ақын-шәкірттері	3	XIX ғасыр әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл курсты оқу Абайдың Шәкәрім, Көкбай Жанатаев, Тұрағұл, Ақылбай және Мағауия Құнанбаевтар, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов және т. б. ақын – шәкірттерінің шығармашылық мұрасын тереңдете зерделеуді көздейді.</p> <p><b>Білу:</b> Абай шәкірттерінің шығармашылық мұрасын тереңдете зерттеп біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Абай айналасындағы ақын-шәкірттерінің шығармашылығының зерттелуі, жариялану тарихын меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p>

					өмірі мен шығармашылығын танып білу - Ұлы Абай даналығын түсінуге алып барар бірден бір сара жол.
4	Шығармашылық жұмысты ұйымдастырудың әдістемесі	5	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Өндірістік педагогикалық практика	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқытуда шығармашылық жұмысқа баулудың педагогикалық негіздерін бағыттарын қарастырады. Шығармашылық жұмысты ұйымдастыруда алдымен жаңаны, тың нәрсені дамыту, түпкі идеяны табуға бағыт-бағдар беру жұмысын жоспарлайды. Логикалық ойды дамытатын тапсырмалар жүйесін ұсынудың әдіс-тәсілдерін меңгереді. Тапқырлық пен шеберлікке шындау жұмыстарын жүйелеу білуге машықтанады. Оқушыларды дамытуға арналған шығармашылық жұмыстар жүйесін топтастырудың жоспарын жасауға дағдыланады.</p> <p><b>Білу:</b> шығармашылық жұмысқа баулудың педагогикалық негіздерін бағыттарын біледі.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Логикалық ойды дамытатын тапсырмалар жүйесін ұсынудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін, эссенің түрлерін, құрылымын, әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолданады, көркем мәтінге талдау жасау, эссе, шығарма жазу үлгісін біледі.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік</p>
4	Эссе жазуды ұйымдастырудың әдістемесі	5	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Өндірістік педагогикалық практика	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Эссенің қара сөзбен жазылатын шағын көлемді прозалық мәтін, жеке адманың өзіндік еңбегі екендігін білу. Эссенің теориялық негізін ұғынады. Эссе жазуға қойылатын талаптарды, эссенің түрлерін ажыратып, құрылымдық талдау жолдарын меңгереді. Эссе жазуға қойылатын басты талаптар, эссе жазудағы стиль, әдеби стильдің түрлерін ажыратады. Эссе жазуда сөз қолданысын шебер, айтар ойдың нақтылығын ескереді.</p> <p><b>Білу:</b> Эссенің теориялық негізін ұғынады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Эссе жазуға қойылатын талаптармен, эссе жазудағы стиль түрлерін ажыратады.</p> <p><b>Дағды:</b> Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін, эссенің түрлерін, құрылымын, әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолданады, көркем мәтінге талдау жасау, эссе, шығарма жазу үлгісін біледі.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы құзіреттілік</p>

5	Қазақ жазуының тарихы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл курс қазақ жазуының тарихын, араб және орыс жазуын, ежелгі ұйғыр графикасын зерттейді. Студенттер ежелгі жазба ескерткіштерін зерттеп, талдайды. Қазақ жазуының пайда болу тарихы және оның қазақ халқының мәдениеті мен рухани мұрасын дамытудағы рөлі қарастырылады.</p> <p><b>Білу:</b> қазақ жазуының тарихын ұйғыр графикасын зерттеп, қазақ халқының мәдениеті мен рухани мұрасын дамытудағы рөлін білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> ежелгі мәдени және тарихи мұраның тарихын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> көне мұралардағы жазу тарихын зерттеуге дағдыланады.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Лингвистикалық - дамытушы құзіреттілік</p>
5	Әліпбидің даму тарихы	5	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Әліпбидің тарихы, араб жазуы, көне ұйғыр жазуы, латын жазуы, орыс графикасы. Қазақ жазуының тарихына тоқталу.</p> <p><b>Білу:</b> Пән мазмұнында жазудың пайда болу және даму тарихы және грамматологияның кейбір теориялық аспектілері туралы жалпы ғылыми және лингвистикалық ақпарат беріп қана қоймай, емле мен тыныс белгілерінің практикалық мәселелерін жақсы түсінуге көмектеседі, білім алушылар сөйлеу әрекетін қалыптастырып, философиялық, тарихи, саяси, әлеуметтік өзгерістер мен ғылыми жаңалықтарды қарастырады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Студенттер әліпбидің даму тарихын, әлемдік тәжірибелерге сүйене отыра ежелгі жазба ескерткіштердің тарихын меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Қазақ мәдени өмірінде қолданған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері, жазу теориясы, көне түркі, араб, латын графикасын меңгеруге дағдыланады.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Лингвистикалық - дамытушы құзіреттілік</p>

6	Шәкәрімтану	5	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл пәнді оқып үйрену Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығымен, оның өлеңдері мен поэмаларымен танысуды қарастырады. Студенттер Ш. Құдайбердиевтің өмірі, Шәкәрім шығармашылығының тақырыптық ауқымдылығы, Шәкәрім шығармаларының ғылыми - тақырыптық бағыттары туралы мәліметтер алады.; Студенттер ақынның шығармашылығын, оның көркем ерекшеліктерін жан-жақты талдайды.</p> <p><b>Білу:</b> Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығын қарастырады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Ақын шығармашылығының тақырыптық ауқымдылығы туралы мәліметтерді меңгереді.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
---	-------------	---	---------------------------	------------------------	---



6	Әдеби өлкетану	5	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Әдеби өлкетану пәні, зерттелуі, ақын-жазушылар шығармашылығы.</p> <p><b>Білу:</b> Курс Абайдың ақындық айналасын, өңірдің ақын-жазушылар шығармашылығын, сол арқылы халықтың әдеби өміріне жаңа өрнек, тың өзгеріс әкелгендігін үйретуді мақсат етеді.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Абайдың ақын шәкірттері Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай Әріп, Уәйіс, Әрхам, Кәкітай сынды ақындардың өмірі мен шығармашылығы оқытылады. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы ақын салған дәстүрмен дамуы әдебиетіміздегі ақындық мектептің қалыптасқандығын айқындайды.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
---	----------------	---	---------------------------	------------------------	--

7	Әуезовтану	5	XIX ғасыр әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> М.Әуезовтің шығамалары: әңгімелері, повестері. Әуезовтің өмірі, шығармашылығы. Әуезов шығармашылығы әлем әдебиеті контексінде. Жазушы лабораториясының әрқырлылығын шығармалары, аудармалары, мақалалары арқылы таныту, шетел әдебиетімен жүйелік байланыста таныстыру, М.Әуезовтің шығармашылығы, оның басқа ел әдебиетімен байланысы туралы терең білім қалыптастыру, жазушы шығармашылығы жайлы жан-жақты мәлімет беру.</p> <p><b>Білу:</b> Әуезов шығармашылығындағы әлем әдебиеті контексінің маңызын білу.</p> <p><b>Меңгеру:</b> М.Әуезовтің шығармашылығының басқа ел әдебиетімен байланысы туралы терең білім қалыптастыру, жазушы шығармашылығын меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
7	Семей өңірінің ақын-жазушылары	5	XIX ғасыр әдебиеті	Қорытынды аттестация	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Пәнді оқу барысында студенттер Семей өлкесінде туып-өскен ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете қарастырады. Мәселен, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхамеджанов және тағы басқаларының шығармашылығы жан-жақты қарастырылады.</p> <p><b>Білу:</b> Семей өлкесінде туып-өскен ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете қарастырады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Жазушылардың шығармашылық зертханасы, ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибесі туралы мәліметтерді меңгеру.</p> <p><b>Дағды:</b> Туған өлкенің дәстүрлі және мәдени мұрасын білу арқылы ғылыми және тарихи философиялық талдауға негізделген қазіргі заманғы проблемаларға ықтимал шешімдерді түсінеді.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>
8	Нормативті қазақ тілі	4	Қазіргі қазақ тілінің фонети касы	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Бұл пәнде нормативті қазақ тілінің фонетика, орфография, графика, орфоэпия, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис, сөздердің байланысу формалары, тіркес түрлерін жетік меңгеру, сөз тіркесінің, оған тән белгілерін меңгеру бойынша мектеп бағдарламасында оқытылған мәселелер қамтылады. Теориялық білімді тәжірибемен</p>

					<p>ұштастыру көзделеді.</p> <p><b>Білу:</b> нормативті қазақ тілінің фонетика, орфография, графика, орфоэпиясына тән белгілері қарастырылады.</p> <p><b>Меңгеру:</b> Теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруды меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> Ауызекі сөйлеу стилі, көркем әдеби стиль, публицистикалық, ғылыми стильдердің, сондай-ақ кәсіби тілдің қолдану жағдайларын ажыратып, тілдік дағдыларды көркем мәтінге филологиялық талдау жасауда қолданады.</p> <p><b>Қүзіреттілік:</b> Лингвистикалық – дамытушы күзіреттілік</p>
8	Тіл мәдениетінің нормативті әдістемесі	4	Қазіргі қазақ тілінің фонети касы	Жалпы тіл білімі	<p><b>Қысқаша сипаттама:</b> Студенттердің қазақ тілінен меңгерілген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, сатылай комплексті талдауды терең игерту, студенттердің жазу сауаттылығын, ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жоғары курстарда оқылатын қазіргі қазақ тілінің теориялық курсы жоғары деңгейде меңгерту.</p> <p><b>Білу:</b> қазақ тілінен меңгерілген білімдерін сатылай комплексті талдау арқылы тиянақтау.</p> <p><b>Меңгеру:</b> жазу сауаттылығын, ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіру, қазіргі қазақ тілінің теориялық курсы жоғары деңгейде меңгерту.</p> <p><b>Дағды:</b> студенттер сөздің мағынасын терең түсінуге, дыбыстарды, сөздер мен композицияларды сауатты талдауға, тіл білімінің бөлімдерін меңгеруге дағдыланады.</p> <p><b>Құзыреттілік:</b> Әдеби-пәндік құзіреттілік</p>

## ТАҢДАУЛЫ ПӘНДЕР ТІЗІМІ

**БВ02313 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасына арналған**

Оқу мерзімі: 4 жыл

Оқу түрі: күндізгі

Оқуға түсу жылы-2022

№	Пән атауы	Пән коды	Кредит саны	Семестр
<b>Базалық пәндер</b>				
<b>1</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 1</b>			3
	Хандық дәуір әдебиеті	HDA 2212	6	
	Шешендік өнер негіздері	ShON 2212	6	
<b>2</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 2</b>			3
	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	KMLT 2213	6	
	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	KTTG 2213	6	
<b>3</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 3</b>			4
	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	KKTM 2214	5	
	Сөз құрамының теориясы	SKT 2214	5	
<b>4</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 4</b>			4
	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	KA 2215	3	
	Отарлау дәуіріндегі әдебиет	ODA 2215	3	
<b>5</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 5</b>			5
	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	KKTZhSS 3216	5	
	Қазақ тілінің сөйлем жүйесі және синтаксистік қатынас	KTCK 3216	5	
<b>6</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 6</b>			5
	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	KA 3217	5	
	Постмодернизм әдебиеті	PMA 3217	5	
<b>7</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 7</b>			5
	Көне түркі тілі	KTT 3218	4	
	Түркі тілінің грамматикасы	TTG 3218	4	
<b>8</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 8</b>			6
	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем Синтаксисі	KKTKSS 3219	5	
	Әлеуметтік тіл таным	ATT 3219	5	
<b>9</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 9</b>			6
	Стилистика және сөйлеу мәдениеті	SSM 3220	5	
	Мәнерлеп оқу	MO 3220	5	
<b>10</b>	<b>Таңдау бойынша компоненті 10</b>			6

	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	KA3221	5	
	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	TZhKA 3221	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 11</b>			<b>7</b>
11	Орфография және пунктуация	OShP4222	5	
	Емле ережесі	EE 4222	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 12</b>			<b>7</b>
12	Алаштану	Ala 4223	5	
	Ағартушылық бағыттағы әдебиет	KOT 4223	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 13</b>			<b>7</b>
13	Қазіргі қазақ әдебиеті	KKA 4224	5	
	Қазіргі әдеби үрдіс	KAU 4224	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 14</b>			<b>7</b>
14	Әдебиет теориясы	AT 4225	5	
	Өлең теориясы	OT 4225	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 15</b>			<b>8</b>
15	Жалпы тіл білімі	ZhTB 4226	4	
	Ономастика мәселелері (Шығыс Қазақстан облысы материалдары негізінде)	OM 4226	4	
<b>Кәсіби пәндер</b>				
	<b>Таңдау бойынша компоненті 1</b>			<b>4</b>
1	Көне түркі қазақ мифтері мен аңыздары	EZhA 2306	3	
	Түркі әдебиетінің бастаулары	TAB 2306	3	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 2</b>			<b>5</b>
2	Шетел әдебиетінің тарихы	ShAT 3307	5	
	Шығыс және түркі халықтарының әдебиеті	ShTA 3307	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 3</b>			<b>5</b>
3	Абайтану	Aba 3308	3	
	Абайдың ақын-шәкірттері	AASh 3308	3	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 4</b>			<b>6</b>
4	Шығармашылық жұмысты ұйымдастыру әдістемесі	ShUM 3309	5	
	Әссе жазуды ұйымдастырудың әдістемесі	ӘSUM 3309	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 5</b>			<b>6</b>
5	Шәкәрімтану	Shak 3210	5	
	Әдеби өлкетану	AO 3210	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 6</b>			<b>7</b>
6	Қазақ жазуының тарихы	ML 4211	5	
	Қазақ әліпбиінің тарихы	KAT4211	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 7</b>			<b>7</b>
7	Әуезовтану	Aye 4212	5	
	Семей өңірінің ақын-жазушылары	SOAZh 4212	5	
	<b>Таңдау бойынша компоненті 8</b>			<b>8</b>
8	Нормативті қазақ тілі	NKT 4213	4	
	Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі	TmnA 4213	4	

